

Еуразия
гуманитарлық
институтының

ХАБАРШЫСЫ

Тоқсандық журнал
2001 ж. шыға бастаған



2017
№ 3
АСТАНА

ВЕСТНИК

Евразийского
гуманитарного
института

Ежеквартальный журнал
Основан в 2001 г.

Редколлегия төрағасы
А.Қ. Құсайынов, т.ғ.д., проф.

Бас редактор
А.Ж. Исмаилов, психол.ғ.к., проф.
Бас редактордың орынбасары
Қ.Ә. Ахметов, т.ғ.д., проф.
Жауапты хатшы
Т.В. Кривошапова, ф.ғ.д., проф.

Редколлегия
Т.Қ. Айтқазин, филос.ғ.д., проф.
А.Ж. Аманбаев, т.ғ.к., доц.
В.В. Алексеев, т.ғ.к., доц.
(Ресей Федерациясы)
А.А. Арабаев, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Қ.Ә. Әбішев, з.ғ.к., проф.
С.Б. Байзақов, э.ғ.д., проф.
Қ.Ж. Балтабаев, з.ғ.д., проф.
Х.Э. Боланьос, PhD, профессор (Испания)
Л.В. Волкова, п.ғ.к., доц.
Т.А. Дронзина, с.ғ.д., проф.
(Болгария Республикасы)
М.М. Жанпейісова, т.ғ.к., доц.
В.А. Жексембекова, с.ғ.д., проф.
М.Ы. Жүкібай, э.ғ.к., проф.
С.Б. Загатова, ф.ғ.к., проф.
О.В. Иншаков, э.ғ.д., профессор
(Ресей Федерациясы)
Ә.С. Исмаилова, э.ғ.к., доц.
А.Ш. Қадырбаев, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Б.Р. Кадыров, психол.ғ.д., профессор
(Өзбекстан Республикасы)
Ш.М. Қаланова, п.ғ.д., проф.
Д. Қамзабекұлы, ф.ғ.д., проф.
Е.В. Козин, т.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
Қ.А. Мамаділ, ф.ғ.к., доц.
Л.В. Пакуш, э.ғ.д., проф.
(Беларусь Республикасы)
В.Г. Рындак, п.ғ.д., проф.
(Ресей Федерациясы)
М.Н. Сарыбеков, п.ғ.д., проф.
Б.С. Сарсекеев, п.ғ.д., проф.
Л.Ч. Сыдыкова, з.ғ.д., проф.
(Қырғыз Республикасы)
Р.Н. Юрченко, з.ғ.д., проф.

**ТАРИХ**

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж. Историографический аспект национального движения Алаш.....	5
Багдатова С.А. Природно-климатический фактор в истории становления города Астаны как столицы Казахстана.....	11
Аубакирова Қ.Ш. Қазақ даласындағы ежелгі алтын кәсібі.....	18
Дүйсен С.Ж. Батыс Қазақстан облысының Ресейдің шекаралас өңірлерімен өзара ынтымақтастығы туралы (XX ғасырдың 90-шы жылдары және XXI ғасырдың басы).....	23

ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

Курманбаев Б.М. История развития законодательства о специальных экономических зонах в Республике Казахстан (1990-1996 гг.).....	29
-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Чакликова А.Т. Теоретико-методические основы полиязычия в условиях евразийского многообразия...	36
Загатова С.Б. Формирование межкультурной толерантности у будущих учителей иностранного языка...	41
Есенбаева А., Елікбаев Б. Сұраулы сөйлемді қатысымдық түрде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері.....	46
Козлов В.В., Мадеев С.М. К проблеме человеческого капитала организаций.....	51
Искаков Е.М., Радзицкая Я.И. К вопросу о системе воспитания военнослужащих вооруженных сил Республики Казахстан.....	59
Шалғынбаева Қ.Қ., Оспанова Б.К. Бастауыш сынып оқушыларына инклюзивті сыныптарда жайлы білім беру ортасын ұйымдастыру мәселесі.....	64
Есентаева А.К. Тенденции интеграционных процессов в сфере образования Казахстана в условиях глобализации.....	70
Volkova L.V., Ospanova Ya.N. Pedagogical conditions of organizing researches for junior schoolchildren.....	75
Дузелбаева А.Б. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мұғалім-дефектологтің этнопедагогикалық дайындығы.....	79
Саипов А., Булетова Л.А., Куатова Ж.Ж., Камалов Ю.Н. Система сотрудничества «школа-колледж-вуз»: преемственность технологий обучения в подготовке будущего учителя.....	85
Алимагамбетова А.З., Бесжанова А.Т., Жолумбаева Р.М. Қазақстан Республикасының кәсіби жоғары білімінің қазіргі заманғы дәйекті проблемалары.....	90
Ахмедова У.А., Ельжанова Е.Т. Национальные традиции в декоративно-прикладном искусстве через войлоковаляние в педагогическом процессе.....	94
Изтелеуова Л.И., Ельжанова Е.Т. Модульная технология как один из путей повышения эффективности учебно-воспитательного процесса.....	98
Асенова Н.С. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығындағы тұлғаның рухани тәрбиесі.....	102
Желдыбаева Б.С., Ахметказина Д.Қ. Халықтық педагогика элементтерін физиканы оқыту үдерісінде қолдану.....	107
Қасымбеков Ж.А., Данияров Т.Ә., Сұлтанбек М.Ж. Қазақ халқындағы ұл бала тәрбиелеу дәстүріндегі педагогикалық тәрбие құндылықтары.....	112
Сұлтанбек М.Ж., Шайзадаев Ұ.Н. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда көппәндік принципін айқындау.....	115

ФИЛОЛОГИЯ

Сейітова Ш.Б. «Жанды-жақты» сөзінің этнолингвистикалық сипаты.....	121
Әбдуәліұлы Б., Қоңыратбаева Ж., Түсіпбекова М., Құлманов Қ. Қазіргі қала ландшафтысының лингвистикалық зерделенуі.....	125
Балтымова М.Р. Тарихи прозадағы психологизм.....	132
Rysbayeva G. Cult phraseological units and their functions.....	138
Бердалиева Р.Ш. О лексикографической основе невербальных средств казахской коммуникативной системы.....	145
Бекбосынова А.Х. «Қазақ» газетіндегі прецеденттік бірліктер.....	151
Шаяхмет А.К. Корпусная лингвистика и исследование детской речи.....	156
Керімбекова Б. Әнші Майра Уәлиқызының әдеби бейнесі (Ф. Оңғарсынова поэмасы негізінде).....	161



Толемысова К.М. Художественное своеобразие мифов и легенд в произведениях А. Кекильбаева (на примере анализа повестей «Баллада забытых лет» и «Хатынгольская баллада»).....	166
Ахметова А.А., Насыритдинова А.Н. Метафораның ғылым тілін қалыптастырудағы рөлі.....	172
Шаймерденова Ж.К. «Бағалау» терминінің қолданыстағы сипаты мен мәні.....	176
Мирзабаева Ч.Ш. Речевой портрет Дональда Трампа.....	182
Файзулла Г.Ф., Маметова Д. XIII-XV ғасырдағы Анадолы түрік жазба әдебиетінің салыстырмалы ұлттық лингвистикалық фактілерін анықтауда Сұлтан Веледтің түрікше өлеңдері генезисі мәселелері.....	188
Длиббетова Г.К., Молдабекова С.К., Языковое разнообразие: основные термины и компетенции.....	
Навий Л.Н.	194
Булатбаева К.Н., Демидкова Н. Концепт как лингводидактическая единица в формировании культурологической компетенции на занятиях иностранного языка (на материале концепта «Family» в англо-казахском сопоставлении).	199
Фазылжанова А.М. Жаңа жиілік сөздік – қазақ статистикалық лексикографиясындағы тың тәжірибе.....	206
Ергөбек Қ.С., Сартбаева Д.Қ., Түркі халықтарының балалар әдебиетіндегі ойындық поэзияның	
Тинейбаева А.М. поэтикалық сипаты.....	214



Ж.А. Қасымбеков

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
пед. ғыл. канд., доцент

Т.Ә. Данияров

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
пед. ғыл. канд., доцент

М.Ж. Сұлтанбек

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
PhD

Қазақ халқындағы ұл бала тәрбиелеу дәстүріндегі педагогикалық тәрбие құндылықтары

Аннотация

Мақалада қазақ халқындағы ұл бала тәрбиелеу дәстүріндегі педагогикалық тәрбие құндылықтары жөнінде баяндалады. Этностардың педагогика тарихына салыстырмалылықпен қарар болсақ, қандай ұлт немесе ұлыс болсын ер бала тағдырына, тәрбиесіне жүрдім-бардым қарамаған. Әйтсе де, ұл бала тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан өзіндік тәлімдік тәжірибелер болады.

Түйін сөздер: ұл бала тәрбиесі, ұлт, этнос, әке меншігі, этнопедагогика.

11 қараша 2014 жылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның «Нұрлы жол» атты жаңа экономикалық саясатын жария етті. Елордада өткен «Нұр Отан» партиясы саяси кеңесінің кеңейтілген отырысында Елбасымыз: «Ауыз-біршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі» - деп тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеткенімізді зор парасат-пайымдылығымен халыққа жеткізді [1]. Ал мұны өз кезегінде білім беру саласында түбегейлі өзгерістер жасаудың алғы шарты деп атауымызға негіз болады. Өйткені, әлемдік білім кеңістігіне еруге байланысты білім саласында жүріп жатқан реформа осының айғағы. Мұның өзі ұлттық білім үлгісін жасауды талап етіп, оның негізгі бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігі және іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау болып табылады. Тәуелсіз еліміздің ертеңгі болашағы – жас ұрпақты елжандылыққа, өз Отанының адал ұлы болуға ұлттық, халықтық тұрғыда тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Қазақ ұлт болып қалыптасқаннан бергі ұзақ тарихында сан алуан кезеңдерді бастан өткізіп, тар жол тайғақ кешсе де, болашақ ұрпағының тәлім-тәрбиесіне өте зор көңіл бөле отырып, сонымен қатар елін, жерін

сыртқы-ішкі жаулардан қорғайтын Ер бойына ұлы дала перзентіне тән – еркіндік пен тәуелсіздік, қайсарлық пен қайырымдылық, ақ ниеттілік пен парасаттылық, өрлік пен ерлік тәрізді асыл қасиеттерді дарыта білген. Осы аталған қасиеттерді өскелең ұрпақ ата-бабадан қалған өнеге деп қабылдаса, ертеңгі күннің жарқын болашағына сеніміміз арта түсері анық. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген [2]. Сонымен қатар, Қазақстанда мектеп мұғалімдерін кәсіби -педагогикалық даярлаудың кезеңдерін зерделеу келешекте еліміздің дамуында жоғары білім беру жүйесін модернизациялаудың стратегиялық бағыты мен оны жүзеге асырудың тактикасын айқындауға негіз болады.

Бүгінгі түсінігімізде - ер жеткен, кәмелетке толған ер азамат, бозбала. «Жігіт» сөзінің ертедегі, алғашқы мағынасы өзгешерек болған. Орхон-Енисей жазба ескерткіштеріндегі Күлтегін немесе Тоныкөк жазуларына көңіл аударсақ, «ігід» сөзін оқып, «қолдау, көтермелеу» деген түсінік аламыз. Ал Юсуп Баласағұнның «Хұдатқу білігі» еңбегінде «ігід» - тәрбиелеу, дағдыландыру, өнеге беру мағыналарына ие. Осы деректерге қарағанда, қазіргі қолданылып жүрген «жігіт» деген сөзіміздің алғашқы мағынасы «қолдау, көтермелеу», одан бері келе «өнеге беру, тәрбиелеу» мағынасына дейін жетіп, ең соңында, біздің кезімізде, өнеге көрген, тәрбие алған, ой -өрісі қалыптаса бастаған адамға айтылатындығын көріп отырмыз [3].

Қай халықта болмасын, ұл бала тәрбиесі – әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін алдарына үйретіп, оларды мерген, аңшы, құсбегі, ісмер, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да жаманнан жирен, жақсыдан үйрен» деген сөздерді құйып отырған. Адам болам деген ер бала әке-шешесі осындай талаптар қоя отырып, сенім артса да, сеніп айтса да бұлжытпай орындап, олар күткен сенімнен асып түсуге тырысатын. Дәл осындай, өзінің қоғамдағы рөлін дұрыс түсінетін жаны жайсаң ер жігіттерді «жігіттің нары, жігіттің төресі» деп атаған.

Этностардың педагогика тарихына салыстырмалылықпен қарар болсақ, қандай ұлт немесе ұлыс болсын ер бала тағдырына, тәрбиесіне жүрдім-бардым қарамаған. Әйтсе де, бала тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктеріне сай қалыптасқан өзіндік тәлімдік тәжірибелер болады. Мысалы, авар халқының бала тәрбиесінде әке маңызды рөл атқарады. Аварлық ұл балаға әкесі – пір. Бұл, бір жағынан, әкеге берілген баға, екінші жағынан, авар халқында ұрпақтан ұрпаққа қалған мирас іспеттес әкеге артылған жауапкершілік. Отбасындағы әке беделі қашанда жоғары саналған және әке осы мәртебесін ақтауға тырысқан. Осындай ұл бала тәрбиесіндегі өте жауапты міндет саха халқында да әкелерге жүктелген. Халық әкенің үлгі-өнегесіне көп назар аударған және әкенің көрсеткен жаман іс-әрекеттерін, тәрбиесін баланың бойынан табуға болады деп, оны мынандай нақыл сөздермен дәлелдеп отырған: «Жаман әкенің жазасы – жаман ұл», «Ылаңкес әкенің – ұлы төбелескіш». Ал, ұлағатты әкеден туып, оның жолын қуған ұлға бұл халық: «Әкесінен айнымай туған», немесе «Ұлы - әкесінің ескерткіші» -деп баға берген. Халықтық педагогиканың үздік әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, әкесі баласын өмірге кәсіби дайындайды. Баласынан аңшылық, малшылық, балық аулау сияқты еңбектің қай түрін болса да еркін меңгеруді жастайынан талап етеді. Өз ұрпағының бойына табиғат-ананың тылсым күштерін сезіну, шыдамдылық пен қайсарлық, ақылдылық пен ұқыптылық сапаларымен қатар, бастаған жұмысты соңына жеткізу, атқарған істің нәтижесінен қуана білу сияқты қасиеттерді дарыта отырып тәрбиелеген.

Өз халқымыз жігіттің балалық шағынан (12-15 жас аралығы) бастап, оның алдында өмірдің дайындаған талай қиын-қыстау шақтары мен қуанышты сәттері бар екендігін



ескере отырып, «Аты аталмаған жігіттен аты аталған төбе артық» деп намыстандыратын, «Айтсаң, үйде туып, түзде өлетін жігіттерді айт» деп таңдандыратын, «Өнерлі жігіт өрге озар, өнерсіз жігіт жер соғар» деп шамдандыратын, «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», «Ерлік білекте емес, жүректе» деп қайраттандыратын, «Ақыл жастан, асыл тастан» деп сеніміне шек келтірмейтін, «Атадан ұл туса игі еді, ата жолын қуса игі еді» деп армандайтын еді қазағым. Бұл халқымыздың тағылымын халық ауыз әдебиетінің мәйегі мақалмен түйіндей білген профессор М. Тілеужановтың пікірі [4]. Айтылған әр қағида жігіттің әр сипатына бір-бір тақырып болуға сұранып тұр.

Қазақтың ұлы ойшыл ғұламаларының бірі Ж.Баласағұни өзінің «Құтты білік» дастанында балаға тәрбиені от басында бер, «ақ мандайлы ұл-қыз туса, үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма» деп келер ұрпаққа өсиет ете отырып, баланы жас кезінен білім мен өнерге, еңбекке баулу арқылы жаны мен тәні сабақтас жетілген парасатты ұрпақ өсіретінімізді атап көрсеткен. Ата-анасын аялай, құрметтей білген баладан жақсы азамат шығады. «Әкесін аман сақтап қалу үшін жанын қиған ұлдың өлімі – ең бақытты өлім болып табылады» - деген Баласағұнидың ұстазнамалық тұжырымдамасында осындай керемет ойлар жатыр.

Қоғамды жаңғырту және демократияландыру кезінде республиканың егемендікке ие болу жағдайында, біздің қоғамымыздың тарихы, халықтың рухани өмірінің өз кезеңінде ұмытылған немесе тыйым салынған құбылыстары қайтып оралуда. Өткеннің мәдени - тарихи мұрасын өркендету қазіргі заманның аса көкейкесті проблемаларының біріне айналып отыр.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды, тарихи тәжірибені, сан ғасырлық мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беру мазмұнын жаңғырту, әсіресе, болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне жаңа талаптар қояды, себебі оқушыларды ұлттық тәрбие негіздерімен қаруландыру мұғалімнің тікелей кәсіби сапасы мен даярлығына байланысты. Болашақ мұғалімдерді этнопедагогикалық білімдермен қаруландыру, академик Қ.Жарықбаевтың пікіріне қарағанда, жоғары білім беру жүйесіндегі міндетті оқу пәні ретінде санау басты мәселе [5].

Этнопедагогикалық білім беру - этнопедагогиканың негіздері туралы жүйелі білімдерді студенттердің меңгеруі, қазіргі жағдайда халықтың аса бай тәрбие беру тәжірибесін шығармашылықпен пайдалану шеберліктері мен дағдыларына ие болу және халықтың рухани мәдениетіне бағалы көзқарасының нәтижесі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы. 11 қараша. Елорда. - Астана, 2014.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген. - Астана, 2010.
- 3 Баласағұни Жүсіп. Құдатғу білік. – Алматы: «Жазушы», 1986.
- 4 Тілеужанов М.. Халық тағылымы. – Алматы: Рауан, 1996. - 51 б.
- 5 Жарықбаев Қ. Психология ғылымы, оның Қазақстандағы даму перспективалары // Қазақстан Мектебі. – 1975. - № 8.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются ценности педагогического воспитания казахского народа.

RESUME

The authors of the article investigate the values of pedagogical education of the Kazakh people.